



Наименование области: город Нур-Султан

Наименование суда: Верховный Суд Республики
Казахстан (Кассационная
инстанция)

Отправитель: Д Ж У М А Е В Е С И Р К Е П
МЕКЕЕВИЧ

ПИСЬМО

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы сотының төрағасы Ж.Асановқа

Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Б.Әметовке

Мұнайлы аудандық сотының төрағасы С.Т.Наурызбаевқа

Джумаев Есиркеп Мекеевичтен

Мекен-жайым: Маңғыстау облысы

Алғыс хат

Мұнайлы аудандық сотының судьясы Лариса Кенжееваға

Мен, Джумев Есиркеп Мекеевич, 30 қыркүйек 1957 жылы Түрікменістан Республикасы Мары облысында туылдым.

Тарихи мекенім тарихи отаным Қазақстан Республикасына 1986 жылы шілде айында отбасыммен бірге көшіп келдім.

Өзімнің еңбек жолымды 1978 жылы 15 наурыз айында Түрікменістан Республикасының Мары облысынан бастадым. Бұл мәліметтердің барлығы еңбек кітапшама басылған мөрімен расталады.

2020 жылы 11 желтоқсанда зейнет жасына толуыма байланысты Мұнайлы ауданында орналасқан «Халыққа қызмет көрсету орталығына» барып құжаттарды рәсімдеу кезінде Еңбек кітапшамдағы келесі жазбалардағы яғни №8-12 мөрлері оқылмайтындығын және №13-14 жазбалардағы мөрі жоқ деген мәтінде өтініш қабылдаудан бас тартылды.

Осы кезден бастап яғни 2020 жылдың 11 желтоқсан айынан бастап осы еңбек кітапшамдағы қате

Подписал(а) ДЖУМАЕВ ЕСИРКЕП МЕКЕЕВИЧ



жазуларды дұрыс басылмаған мөрлерді дәлелдеу үшін 1 жылдан астам уақыт бойы жағаласып жүрдім, көптеген мемлекеттік мекемелердің табалдырығын тоздырдым, соңғы әділдікті тек соттан табу үшін сол кезден бастап сотқа бірнеше рет арыздандым, алайда шешімі нақты табылған жоқ.

Себебі бұрын қызмет атқарған жұмысым басқа Республикада болғандықтан дәлелдеу өте қатты қиынға соқты, оның үсітен дүние жүзінде болған індеттіңде себебі аз болмады.

Соңғы арызым Мұнайлы аудандық сотының судьясы Л.Кенжееваның өндірісіне түсті, осы аталған дауды соттан тыс шешу мүмкін еместігін, тек сот нүктесін қоятынын, осының салдарынан зейнатақы ала алмай жүргенімді түсіндірдім.

Нәтижесінде заңдық маңызы бар фактіне анықтау еңбек өтілімді дәлелдеу үшін ісім соттың өндірісінде қаралып, оң нәтижемен талабым толық көлемде қанағаттандырылды.

Мұнайлы аудандық сотының судьясы Л.Кенжееваға алғысым шексіз, өз мамны екенін дәлелдеді, сыпайы, соттың беделін көтеретін көптеген дүниелерді түсіндім.

Құрметті!!! Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Жақып Асанов мырза және Маңғыстау облысытық сотының төрағасы Бек Әбенев мырза және Мұнайлы аудандық сотының төрағасы

С.Т.Наурызбаев мырза сот төрелігін әділ жүргізтін жақсы мамандарыңыз бар екеніне алғыс білдіремін, осындай жақсы маман ретінде Л.Кенжееваны таңдағандарыз өтте орынды шешім деп түсінемін, осындай жас ақылды білімді өнегелі мамандарды қызметкерлерді жұмысқа тартуыңызды өтінемін. Соңғы үміттерімізді сот орны анықтайтындықтан тек сотқа арызданатынымыз өздеріңізге белгілі.

Осы негіздерге байланысты Мұнайлы аудандық сотының судьясы Лариса Кенжееваға алғысым шексіз.

Құрметпен!!!

Арызданушы Е.Джумаев Е.М. Джумаев
ЭЦҚ арқылы жолданды. 19.01.2022 жыл

Перечень прилагаемых документов:

1. Алғыс хат Мұнайлы аудандық сотының судьясы К Кенжеева.docx

Подписал(а) ДЖУМАЕВ ЕСИРКЕП МЕКЕЕВИЧ